

**Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі № 112 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 шілдеде № 3623 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 186 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 27.05.2014 № 186 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

жетпіс айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы; тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Хромтау аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 30 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау ұсыну туралы» (нормативтік- құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 29 мамырда № 3-12-151 санымен тіркелген, «Хромтау» газетінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 26 /8455/ жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.С. Ізтілеуовке жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық мәслихаттың</i>	<i>Аудандық мәслихаттың</i>
<i>сессия төрағасы</i>	<i>хатшысы</i>
<i>А.А. Жұбанышев</i>	<i>Д.Х. Молдашев</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК